

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш индустриалды-аграрлық колледж» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша

Жалағаш ауданы

«23» мамыр 2024 жылғы

КІРІСПЕ БӨЛІМІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып, «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш индустриалды-аграрлық колледж» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (әрі қарай – Білім беру ұйымы) құрылымдық бөлімдерінің қызметі табылады.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер енгізу туралы) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды «Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш индустриалды-аграрлық колледж» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 31.05.2024 ж. №29-1-НҚ бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмышы тобы жүргізді:

Н.Абтикалыков	Колледж директоры
Н.Токтар	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
А.Арапбайұлы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Б.Шаменова	Директордың оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары
Р.Тауірбаева	Әдіскер
А.Ишанбеков	Директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары
Н.Уакбаева	Бас бухгалтер
С.Есжанов	Кадр бөлімі

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдаумен 2023-2024 оқу жылының II жарты жылдығы кезеңі қамтылды.
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 23-31.05.2024 ж. аралығында жүргізілді.

6. Колледж директоры топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Білім беру ұйымының құрылымдық бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік – құқықтық актілерде (Әрі қарай НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Білім беру ұйымының құрылымдық бөлімдерінің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәліметтер:

Білім беру ұйымы құзіреті шегінде техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асырады. Білім беру ұйымы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы» Заңы және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай – ақ, Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш индустриалды-аграрлық колледж» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысы мен ішкі тәртіп ережесіне сәйкес іске асырылады.

Білім беру ұйымында 7 құрылымды бөлімше жұмыс жасайды:

- Оқу жұмыстары бөлімі;
- Тәрбие жұмыстары бөлімі;
- Оқу-өндірістік жұмыстары бөлімі;
- Оқу –әдістемелік жұмыстары бөлімі
- Кадр бөлімі;
- Шаруашылық жұмыстары бөлімі;
- Есеп-қисап бөлімі;

Мекен – жайы: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Абай көшесі №4

II. Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш индустриалды-аграрлық колледж коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметіне, оны ұйымдастыру – басқару қызметін реттейтін нормативті-құқықтық актілер (НҚА) мен ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы Кодекстерді, Заңдарды, нормативтік-құқықтық актілерді, бөлімдер өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш индустриалды-аграрлық колледж коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны өз қызметінде төмендегі НҚА пайдаланылады:

№	Нормативті-құқықтық құжаттар
1.	Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды
2.	ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 №414
3.	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІ Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Кодексі.
4.	Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы
5.	Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ
6.	Мемлекеттік мүлік туралы ҚР 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңы
7.	Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы
8.	Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы
9.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 Заңы
10.	«ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі
11.	Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының 09.02.2015 жылғы №285-V Заңы
12.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы № 258 Конституциялық заңы.
13.	«Азаматтық қорғау туралы» заңы ҚР 11.04.2014 жылғы №188
14.	Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңы.
15.	«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі №416-I Заңы
16.	Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.
17.	Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Президентінің 02.02.2022 № 802 Жарлығы
18.	Педагогикалық әдеп қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы
19.	Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулысы
20.	Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы
21.	Мемлекеттік ұйымдар Педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 191 бұйрығы

22.	Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысы
23.	Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 Қаулысы
24.	Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы.
25.	"Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы"ҚР БҒМ 13.07.2009 ж. №338 бұйрығы
26.	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы
27.	Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №506 бұйрығы.
28.	Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығы.
29.	Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығы.
30.	Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы. ҚР БҒМ 2016 жылғы 27қаңтардағы № 83 бұйрығы.
31.	Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралыҚазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы
32.	Мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беруқағидаларын бекіту туралы ҚР БҒМ 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы.
33.	Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды толтыруға қойылатын талаптарды бекіту туралыҚазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 21 қарашадағы №565 бұйрығы.
34.	"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 180 бұйрығы.
35.	Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 Бұйрығы.
36.	Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 Бұйрығы.
37.	Техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтік кеңесі қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 24 қазандағы №506 Бұйрығы.
38.	Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының және кәсіптік практикадан өткізуге арналған үлгілік шарт нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығы.
39.	Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы.
40.	"Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету Қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы №351 бұйрығы
41.	Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы.
42.	Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығы.
43.	Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 719 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №843 бірлескен бұйрығы.
44.	Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 644 Бұйрығы.
45.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің салалық көтермелеу жүйесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 08 тамыздағы № 324 бұйрығы.
46.	Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі №347 бұйрығы.
47.	"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы
48.	Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс- қызмет туралы үлгілік ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы.
49.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің

	мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы №873 Қаулысы.
50.	Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 қазандағы №862 Қаулысы.
51.	Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 бұйрығы
52.	Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №305 қаулысы
53.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығы
54.	Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы.
55.	Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығы.
56.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.
57.	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы.
58.	«Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы.
59.	Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы.
60.	Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы.
61.	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 Бұйрығы.
62.	Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы.
63.	Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 бұйрығы.

64.	Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 Бұйрығы.
65.	Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығы.
66.	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 23.11.2015 жылғы №414 ҚРЗ
67.	САЛЫҚ ЖӘНЕ БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН БАСҚА ДА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕР ТУРАЛЫ (САЛЫҚ КОДЕКСІ) ҚР Кодексі 25.12.2017 жылғы № 120-VI ҚРЗ.
68.	Мемлекеттік мүлік туралы ҚР 01.03.2011 ж. №413 заңы
69.	Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы ҚР 28.02.2007 жылғы № 234 Заңы.
70.	Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы ҚР Қаржы министрінің 31.03.2015 жылғы № 241 бұйрығы.
71.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы №1210 Қаулысы.
72.	Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы.
73.	Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы.
74.	Білім ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметкерлеріне мамандық бойынша жұмыс стажын есептеу ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 14 маусымдағы №302 Бұйрығы
75.	Мемлекеттік ұйымдар Педагогтарының жалақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 191 бұйрығы.
76.	Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №123 бұйрығы.
77.	Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы.
78.	Дүлей зілзалалар мен авариялар салдарынан физикалық немесе моральдық тозуынан жарамсыз болған мемлекеттік мүліктің жекелеген түрлерінің бұзылуын және жойылуын ресімдеу қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №721 бұйрығы.
79.	Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 12.03.2012 жыл № 320 Қаулысы.
80.	Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы ҚР Қаржы министрінің 20.12.2012 жыл № 562 Бұйрығы.
81.	Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы ҚР Үкіметінің 07.02.2008 жыл №116 Қаулысы.
82.	Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық

	жалақыларына үстемеақылар белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге бонустар төлеу қағидаларын бекіту туралы ҚР Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 29 тамыз №1127
83.	Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы ҚР 13.12.2001 жылғы №267-ІІ Заңы.
84.	Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 Қаулысы.
85.	Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ.
86.	Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы.
87.	Еңбекке уақытша қабілетсіздік бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 907 бұйрығы
88.	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 261 бұйрығы.
89.	Студенттер және оқушылар лигаларын қалыптастыру, студенттер мен оқушылар лигалары арасында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 549 бұйрығы
90.	Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді ұйымдастыру, оларды сақтау, есепке алу мен беру және олармен негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қамтамасыз ету, олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 519 бұйрығы.

НҚА талдау жүргізу нәтижесінде процестерін реттеу бойынша анықталғаны:

Оқу, тәрбие, оқу-әдістемелік, оқу-өндірістік, шаруашылық жұмыстары мен кадр, есеп-қисап бөлімінің қызметін іске асыруда НҚА басшылыққа алынған.

Оқу процесінің ұйымдастырылуы.

2023-2024 оқу жылында 5 мамандық, 7 біліктілік бойынша күндізгі бөлімде 200 білім алушы білім алып жатыр. Бюджеттік негізде 200, 3 топ 2 ауысыммен оқиды. І және ІІ семестр бойынша сабақ кестелері жасалып, бекітілген.

Білім алушылардың оқу жетістіктері балдық-рейтингтік бағалау жүйесі бойынша бағаланады. І семестр соңында әрбір топтың оқу үлгерімі қорытындысы бойынша жиынтық ведомосы алынып, оқу сапасы тексерілді. Білім алушылардың білімін тереңдету,

қызығушылықтарын, қабілеттерін дамыту мақсатында Дінтану, Жолда жүру ережелері, Құқық негіздері, Мемлекеттік тілде іс қағаздар жүргізу, Валеология, Экология және т.б факультатив сабақтар оқытылады. Білім алушылардан емтихан алу барысында сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында арнайы комиссия құрылып, емтихан барысы қатаң бақылауда болады.

SmartNation College платформасындағы электрондық журналға емтихан, кеңес беру, факультатив сабақтар барлығы толық, уақытылы оқытушылардың жылдық жүктемесі бойынша жүргізіліп, қатаң бақылауға алынған.

Ғылыми-педагогикалық жұмыстардың ұйымдастырылуы:

Ғылыми-педагогикалық жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі қағидасы – мақсат қою және оған жету, жаңа ғылыми педагогикалық білім алу. Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінің 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік тақырыбы: Педагогтың кәсіби құзіреттілігі – білім сапасын көтерудің факторы. Ондағы мақсат-міндеттер кәсіптік білім берудің инновациялық бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы педагог қызметкерлердің біліктілік әлеуетін дамытуға жағдай жасау, білім сапасын арттыруда оқытудың қазіргі педагогикалық технологияларын білім, тәрбие беру үрдісіне енгізіп, жетілдіру.

2023-2024 оқу жылында колледж оқытушылары халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, өздерінің мақалаларын ұсынды. Атап айтар болсак, халықаралық дәрежеде 1 оқытушы, республикалық деңгейде 4 оқытушы, облыстық деңгейде 2 оқытушы ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, мақалалары арнайы жинақтарға енген. Сол сияқты студенттердің ғылыми жобаларды қорғауға қатысуы да жолға қойылған, халықаралық дәрежеде 1 студент, республикалық деңгейде 4 студент, облыстық деңгейде 2 студент, аудан деңгейде 5 . II курстан бастап зерттеу жұмыстарының тақырыбы беріліп, білім алушы зерттеу жұмыстарын жүргізеді және бітіруші курста диплом жұмысын қорғап шығады. Одан бөлек, студенттер барлық оқытылатын пәндер бойынша түрлі ғылыми жобалар жазып, көрмелерге қатысады. Олардың жұмыстары жоғары бағаға ие болуда. Республикалық, облыстық жоба қорғау сайыстарында да алдыңғы орындардан табылуда. Одан бөлек, студенттер барлық оқытылатын пәндер бойынша түрлі ғылыми жобалар жазып, көрмелерге қатысады. Олардың жұмыстары жоғары бағаға ие болуда. Облыстық жоба қорғау сайыстарында да алдыңғы орындардан табылуда. Сонымен қатар, барлық пәндер бойынша үйірмелер жұмыс жасап, зертханалық жұмыстар, ғылыми жобалар, тәжірибелер, эксперименттер жасалып, оқушылардың пәнге , мамандыққа деген қызығушылығын арттыру жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады.

ҰСЫНЫС:

1. Оқытушылардың ғылыми жұмыстармен айналысып, өз пәндері бойынша оқу-әдістемелік құралдарын шығаруын жандандыру.
2. Студенттердің ғылыми жобаларға қатысып, ғылыми жұмыстармен айналысуына ерекше мән беру, пәндік олимпиадаларға көптеп қатыстыру.

Инклюзивті білім беру.

Колледжде ерекше білім беріді қажет ететін студенттермен жүргізілетін жұмыстардың жылдық жоспары жасалған. 2023-2024 оқу жылының II жартыжылдығы бойынша колледжде 7 мүмкіндігі шектеулі студент білім алады. Оларға денешынықтыру және алғашқы әскери дайындық пәндері бойынша жұмыс оқу бағдарламалары және жеке жұмыс жоспарлары әзірленіп, бекітілген.

ҰСЫНЫС:

1. Білім алушылардың білім сапасын көтеру.
2. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлерін жандандыру.

Тәрбие жұмыстарының жүргізілуі.

Талдау барысында колледжде тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі № 145 бұйрығына 2-қосымшасымен бекітілген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспарымен тәрбие жұмыстары жүргізіледі. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

2023-2024 оқу жылының II жартыжылдығы бойынша колледждің әлеуметтік паспорты: барлығы 200 білім алушылар, оның 76 қыз, 124 ер бала. Көп балалы – 70, толық емес отбасы – 33, мүмкіндігі шектеулі – 7, тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасы -14. Өгей ана, өгей әкесімен тұратындар – 4, қамқорлыққа алынған балалар – 3, материалдық жағынан толық қамтамасыз ете алатын отбасы – 69. Тәрбие шараларын ұйымдастыруда «Студенттік парламент ұйымы», «Жас сарбаз» әскери – патриоттық клубы, «Парасат» дебат клубы құрылып, ережелері бекітіліп, жұмыс жоспарлары жасалған. Одан бөлек «Sanaly ugraq» - адалдық клубы, «Қызғалдақ» қыздарүйірмесі және спорттық үйірмелер жұмыс жасайды.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңы негізінде балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында колледжде 21 бейнебақылау 2023 жылы жаңадан

орнатылған. Бейне жазбаларды сақтау мерзімі 30 күн. Ғимаратың ішінде - 10, ғимарат сыртында - 11 дана бейнебақылау камерасы орнатылған. Оның ішінде ЦАУға қосылған камера саны - 13, орнатылған камераның маркасы - Hikvision. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 669 қаулысына сәйкес білім алушылардың санына қарай колледжде штат бойынша 1 психолог жұмыс жасайды.

«Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығын басшылыққа ала отырып, педагогикалық әдеп қағидалары нормаларын сақтауға жауапты әдеп жөніндегі уәкілді тағайындау және Педагогикалық әдеп Кеңесі құрамын бекіту туралы колледж директорының 2023 жылғы 01 қыркүйектегі № 216 ЖҚ бұйрығына сәйкес Кеңес құрамы бекітілген. Кеңестің ережесі бекітіліп, жұмыс жоспары жасалған.

Кітапхана. Колледждің жалпы кітап қоры - дананы құрайды.

2023-2024 оқу жылында кітапхана қоры 10410 , дана әдебиеттермен толықты, жалпы құны 178 теңгені құрайды. 2023-2024 оқу жылында 1843 оқырманға қызмет көрсетті. Кітап берілімі: 494660

«Кітапхана қорларын цифрландыру» жобасы барысында қор сақталымын қамтамасыз ету, оны жетілдіру, қорға қолжетімділікті кеңейту, жалғыз данаға деген оқырман сұранысын қанағаттандыру мақсатында құжаттарды цифрлы форматқа көшіру мақсатында «College SmartNation» электрондық платформасына оқыту процесіне қажетті оқулықтар енгізілуде.

ҰСЫНЫС:

1. Білім беру ұйымының Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмысын жандандыру.
2. «Оқуға құштар колледж» жобасы шеңберінде колледж кітапханасына көркем әдебиеттерді толықтыруға ұсыныс беру.

Оқу-өндірістік жұмыстардың ұйымдастырылуы мен жүргізілуі.

Дуалды оқыту. Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінде 2023-2024 оқу жылында дуалды оқыту әдісі бойынша жалпы білім алушы саны – 173.

Дуалды оқыту әдісі бойынша оқытылып жатқан мамандықтар:

07150500 – Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)

10130300 – Тамақтандыруды ұйымдастыру

07130100–Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)

07161600 – Ауылшаруашылығын механикаландыру

07320100 Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану

ҚР МЖМБС мазмұнындағы 40% теориялық білім оқу орнында, 60% практикалық білім өндірісте жүргізіледі. Оқу жұмыс бағдарламаларының мазмұны кәсіптік стандарттар мен WorldSkills кәсіптік стандарттар талаптарының негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленді. Оқу жұмыс бағдарламалары Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасымен, Қызылорда облысы білім басқармасымен, базалық мекемелермен келісілді.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практика өндірісте жүргізіледі. Болашақ маманның кәсіби даярлығын оқу орны оқытушылары мен өндіріс қызметкерлері бірлесе бағалайды.

Мекемемен жасалған үш жақты келісім-шарт саны –

Дуальды оқыту кезінде білім алушылардың практикадан өту мерзімі еңбек өтіліне есептелетіндіктен кәсіпорын (ұйым) базасында өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту мерзімдерін көрсете отырып, дуальды оқыту туралы шартқа қосымшаны толтырады. Өндірістік оқыту және кәсіптік практика аяқталғаннан кейін білім алушыға дуальды оқыту туралы шартқа қосымша береді, оны білім алушы жұмысқа орналасу кезінде ұсынады.

III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау. Кадр әлеуеті.

Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысы негізінде штаттық кесте бойынша **65 қызметкер жұмыс атқарады.** Оның ішінде, қоса атқарушы - 1, ер адам-40, әйел адам - 25, әкімшілік қызметкерлер саны -6, педагогтар саны -37 , техникалық-шаруашылық қызметкерлер - 22.

Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны бойынша 2023-2024 оқу жылының бірінші жартыжылдығында 41 педагог-оқытушы жұмыс жасайды. Жоғары білімді – 40. «Магистр» дәрежесі бар – 4 педагог, Педагог-шебер-0, «Педагог-зерттеуші» - 3, «Педагог-сарапшы» - 3, «Педагог-модератор» -4, Жоғары санатты – 0, бірінші санатты – 1, екінші санатты – 5.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық мәселелер немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелері. «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында 2023 жылдың қыркүйек 1 желтоқсан айларында жалпы қызметкерді жұмысқа қабылдады, оның ішінде педагог-оқытушы қызметкер- 1, техникалық қызметкер 0.

Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.

Колледжде біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін жұмыс іздеушілерді жұмысқа қабылдау орын алған жоқ.

Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы. Қызметкерлерді еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Үкіметінің №1193 қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу.

Білім беру ұйымында «Жаңа жыл», «Тәуелсіздік күні» меркелеріне орнай қызметкерлерге көтермелеу сыйлықақысы тағайындалды.

Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша қызметкерлерді көтермелеу.

Қызметкерлерді атқарған жұмыстарының нәтижесіне сәйкес қалалық, аудандық, облыстық, республикалық алғыс хаттармен марапаттауға ұсынылды.

IV. Мүдделер қақтығысын реттеу. Білім беру ұйымында мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

V. Мемлекеттік қызмет көрсету. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығына сәйкес Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша колледждерде 7 қызмет түрі көрсетіледі.

1. Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұскаларын беру - 72
2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау – 0
3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру - 5
4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру - 20
5. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру - 0
6. Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы - 1
7. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондайақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну - 3

Аталған мемлекеттік қызмет түрлері заңдылыққа сәйкес Мемлекеттік корпорация арқылы, Е-gov порталы арқылы, тікелей колледждің SmartNation Gollege платформасында жүргізіледі.

2023-2024 оқу жылыбойынша мемлекеттік қызмет бойынша есептері берілді.

VI. Рұқсат беру функцияларына іске қосу.

Негізінен Білім беру ұйымында тікелей рұқсат беру функциясы қарастырылмаған.

VII. Бақылау функцияларына іске қосу.

Білім беру ұйымында бақылау, қадағалау Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес арқылы жүзеге асырылады.

VIII. Бюджет және қаржы қаражатын игеру.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру.

Материалдық техникалық базаны нығайтуға 2024 жылдың қаңтар – мамыр айлары аралығында алынған заттар саны теңге.

X. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

2021 жылдан бері College SmartNation - техникалық және кәсіптік білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді алуға және білім беруді бағалауға арналған бірыңғай порталды қолданады. Сонымен қатар интернет желісінде ақпараттандыру үшін оқу орны бағдарламашысы жасаған manshuk.edu.kz ресми-интернет ресурсын пайдаланады.

XI. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты.

2024 жылы қыркүйек – желтоқсан айларында жеке және заңды тұлғалардың

ҰСЫНЫС:

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауда, келісім – шарт жасасуда НҚА қатаң басшылыққа алу.

Жауапты тұлғаларға жұмыс барысында НҚА бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Талдау нәтижесінде білім беру ұйымының қызметінде қолданылатын НҚА және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкестіктерді жою бойынша ҰСЫНЫМДАР:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша:

1.1. Жан басына қаржыландыру жүйесіне байланысты білім алушылардың оқудан шығуына жол бермеу, оқу-тәрбие процесіне тарту.

1.2. Білім беру ұйымы жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау.

1.3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды насихаттау және алдын алу бойынша жұмыстарды тұрақты негізде жүргізу.

1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспар тармақтарының іске асырылуы мен уакытылы орындалуына бақылауды күшейту.

«КЕЛІСІЛДІ»

Колледж директоры

Директордың оқу жұмысы
жөніндегі орынбасары

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары

Директордың оқу-өндірістік
жұмыстары жөніндегі орынбасары

Әдіскер
жұмыстар жөніндегі орынбасары

Директордың шаруашылық жұмыстары
жөніндегі орынбасары

Бас бухгалтер

Кадр бөлімі



Н.Абтикалыков

Н.Токтар

А.Арапбайұлы

Б.Шаменова

Р.Тауырбаева

А.Ишанбеков

Н.Уакбаева

С.Есжанов

Н.Абтикалыков	Колледж директоры
Н.Токтар	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
А.Арапбайұлы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Б.Шаменова	Директордың оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары
Р.Тауірбаева	Әдіскер
А.Ишанбеков	Директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары
Н.Уакбаева	Бас бухгалтер
С.Есжанов	Кадр бөлімі